«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

06- 0 кр/8
15. 01. 2026 ж.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 16-бабының 3-тармағы, 1-тармақшасына сәйкес (әрі қарай – Заң) **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша 2026 жылға Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласындағы электр қуатын қолдану қызметтеріне "15" қаңтар 2026 жылы Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасы негізінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету мақсатында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (БСН 960840000483) - мен тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес жауаптылықты өзіме жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қала әкімі **А. Мукашев**